

4-модуль. Баланың дамуына қажетті негізгі жағдайларды жасау

1 блок. Қауіпсіз орта

1-сабақ. Ғимарат ішіндегі қауіпсіздік

Орта келесі талаптарға сай болуы керек:

- ғимарат ішінде де, сыртында да қауіпсіз
- балалардың дамуы мен оқуын ынталандыратын
- балалардың ойынына қолдау көрсететін
- балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін қанағаттандыратын
- алдын-ала жоспарланған және сапалы түрде ұйымдастырылған
- балаларға арналған орын болу

Қауіп түрлері:

Баланың жарақат алу қаупі елеулі _____

Мардымсыз қауіп-қатерлер _____

Қосымша жазбалар

2-сабақ. Ойын алаңындағы қауіпсіздік

Автотұрақ және автокөліктердің балабақшаға келу орны:

Кіреберіс қақпасы (есік)

Балаға зиян келтіру ықтималдығы елеулі қауіп-қатерлердің болуы

Мардымсыз қауіп-қатерлердің болуы

3-сабақ. Сіздің кеңістігіңіз қауіпсіз екенін қалай білуге болады?

- ☐ «Қауіпсіздік бойынша чеклист» файлын жүктеп алып, басып шығарыңыз
- ☐ Кеңістікті бағалап шығуға уақыт бөліңіз.
- ☐ Чеклистті қолыңызға алып, кеңістігіңізді бағалап шығыңыз
- ☐ Анықтаған қауіп-қатерлер туралы басшылыққа хабарлаңыз

РЕФЛЕКСИЯ

Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатерлерді анықтай алдыңыз ба?

2-блок. Заттық-кеністіктік орта

1-сабақ. Жиһаз

Қолайлы және қолдауға толы орта:

- Жаксы ұйымдастырылған: _____
- Сенімді: _____
- Икемді: _____

Жиһазға қойылатын талаптар:

Саны _____

Өлшемі _____

Материалдарды сақтау жүйесі _____

Күтім жасау _____

Ойнау және оқуға арналған негізгі жиһазға мыналар кіреді:

1) балалар материалдарды үстіне қойып ойнайтын үстелдер, орындықтар және оларды сақтауға арналған сөрелер



2) белгілі бір белсенділік түріне арналған арнайы жиһаз:



сенсорлық үстел



қуыршақ жиһаздары



мольберт



кітаптарға арналған арнайы сөре

балаларға арналған жұмсақ жиһаз

3) ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған бейімді жиһаз



2-сабақ. Ішкі бөлме

- ☐ Бөлмелер көп функционалды, логикалық түрде ұйымдастырылған болу керек, балаларға бір уақытта түрлі белсенділіктермен айналысуға мүмкіндік беру керек.
- ☐ Бөлме бүкіл топқа жобаланып, жоспарлануы керек, сонымен бірге шағын топпен оқу мен ойын ұйымдастыруға да орын болу керек.

Бөлменің өлшемі қандай болу керек?

- ☐ Желдету _____
- ☐ Жарықтандыру _____
- ☐ Температура _____
- ☐ Шу деңгейі _____

Бөлмеге уақтылы және дұрыс қызмет көрсетілу қажет:

- Оны таза күйде ұстау
- Талап бойынша уақтылы жөндеу жұмыстарын жүргізу
- Проблемаларға назар аудару және оларды жойып отыру

Қосымша жазбалар:

3-сабақ. Жайластыру

Бөлме пішіні _____

Сұрақ: Егер бөлмеңіз төртбұрышты/тік төртбұрышты болмаса, бөлменің барлық бөліктерінің тәрбиешіге көрінуін қалай қамтамасыз етуге болады?

Жайластыруға қойылатын талаптар:

Қауіпсіздік

Орын жеткілікті

Жоспарлану

Қызығушылық орталығы – ойынның белгілі бір түріне арналған айқын белгіленген кеңістік. Материалдар мөлшері мен түрі бойынша рет-ретімен ұйымдастырылып, балаларға қолжетімді болатындай күйде сақталады.

Бала жақсы ойластырылған қызығушылық орталығына кірген кезде, мыналарды біледі:

- Ол жерде қандай материалдар бар екенін
- Онда ойнауға болатын ойын түрін (шулы, тыныш, басқа балалармен бірлесіп ойнау, оқшауланып ойнау)
- Онда өзін қалай ұстау керек екенін
- Ол жерде қалай зерттеу, үйрену және көңіл көтеру керек екенін

Тобыңызда қандай қызығушылық орталықтары бар? Тізімін жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

Кеңістікті аймақтарға бөлу:

- ✓ Тыныш ойындар мен оқшаулануға арналған орын шулы ойындарға арналған кеңістіктен бөлек болу керек
- ✓ Кіру және шығу жолдары анық болу керек
- ✓ Топты кесіп өту ойынның барысына кедергі келтірмеу керек
- ✓ Қызығушылық орталықтарын тәрбиеші жоспарлау керек
- ✓ Топқа кіргенде ағымдағы тақырыпты байқауға болатын болу керек
- ✓ Балалар үшін нақты ережелер болу керек
- ✓ Материалдарға арналған орындар жазумен белгілену керек

Кеңістікті жоспарлаудағы мақсаттар

- Материалдардың қолжетімділігі _____

- Балалардың материалдарды пайдаланудағы тәуелсіздігі _____

- Пайдалану қарапайымдылығы _____

- Білім беру _____

Орта – Үшінші мұғалім

Кеңістіктің визуалды безендірілуі:

- Топ кеңістігі балалар үшін безендірілуі керек
- Безендіруде балалардың және отбасыларының фотосуреттері пайдаланылады
- Безендіруде балалардың жұмыстары қолданылады
- Безендіру элементтері балаларға айқын көрініп тұрады
- Кеңістіктің безендіруі бойынша балалардың қызығушылықтарын, оларды қызықтырып, зерттеп жатқан ағымдағы тақырыпты көруге болады
- Безендіруді сөздік қорды дамытуға және балалардың білім базасын қалыптастыруға ықпал ететін оқу құралы ретінде қолдану
- Педагогтар балалармен топ көрнекіліктері туралы әңгімелеседі

Орта балаларға келесі хабарламаларды жеткізіп отырады:

«Бұл жер осында болу үшін жақсы орын»

Үйдегідей жайлы орта:

- бейтарап түстегі безендіру мен жиһазды қолдану;
- үйдегі жиһазға ұқсас жиһазды пайдалану;
- жұмсақ жиһаз, жастықтар, кілемшелерді және т.б. пайдалану.



«Сен осы жерге тиесілісің (саған бұнда орын бар, сен "өзіміздікісің")»

Балалар бұл хабарламаны топта келесі нәрселер болған кезде алады:

- барлық балалардың және отбасыларының фотосуреттері;
- балалар жасаған қолөнер туындылары

«Бұл жерге сенуге болады»

Балалар қауіпсіз және болжамды ортаны жақсы көреді, олар алдын-ала болжауға болатын күн тәртібі, рет-ретімен ұйымдастырылған орта болған кезде өздерін қауіпсіз сезінеді.





«Бұнда қалаған уақытта жалғыз болуға болатын жерлер бар»

Бала оқшауланып, жалғыз болуға немесе досымен ойнауға арналған тыныш немесе жайлы бұрыш бар.

«Мұнда сен өз бетіңше көп нәрсе жасай аласың»

Орта балалардың дербестігін ынталандыратындай етіп ұйымдастырылу керек:

- сөрелер мен сақтауға арналған қораптарды жазумен белгілеп қою керек, материалдар түрлері бойынша топтастырылып, оларды алу және пайдалану ыңғайлы болу керек;
- бала материалдарды өз бетімен ала алуы үшін олар баланың көру деңгейінде, қолжетімділік шегінде биік емес сөрелерде орналасу керек. Мысалы, қарындаштар мен бояу болса, бала оларды қолданып, сурет салуы үшін жақын жерде үстел мен қағаз болуы керек



«Бұл идеяларыңды зерттеу және сынап көру үшін қауіпсіз орын»

- Күн барысында проблемаларды шешуге және эксперименттер жасауға көптеген мүмкіндіктер ұсыну;
- Балаларға шығармашылықпен айналысуға және жаңа нәрсе ойлап табуға мүмкіндік беретін ашық материалдарды ұсыну.



РЕФЛЕКСИЯ:

Ортаңызды бала тұрғысынан талдап шыққаннан кейін қандай қорытындыларға келдіңіз? Сіздің ортаңыз балаларға қандай хабарламалар беріп жатыр?
